

Тағамға биологиялық белсенді қоспаның пайдалану жөніндегі нұсқаулығы (қосымша парақ) Индива®

Тағамға биологиялық белсенді қоспаның атауы:

Индива®

(Омега-3 + витаминдер+ минералдар)

Құрамы

Әрбір қатты мөлдір капсуласының құрамында:

Омега-3 май қышқылдарының жалпы мөлшері 572 мг, оның ішінде: EPA (эйкозапентаендық қышқыл) 34 мг (кем дегенде 10%) және DHA (докозагексаендық қышқыл) 200 мг (кем дегенде 40%)

Әрбір жұмсақ қоңыр капсуласының құрамында:

С дәрумені– 80 мг, Темір – 20 мг, В₃ дәрумені– 16 мг, Е дәрумені– 12 мг, Мырыш – 7,5 мг, В₅ дәрумені – 6 мг, В₂ дәрумені– 1,4 мг, В₆ дәрумені– 1,4 мг, В₁ дәрумені– 1,1 мг, Мыс – 1000 мкг, Фолий қышқылы-400 мкг, Йод –150 мкг, Д₃ дәрумені– 5 мкг, В₁₂ дәрумені– 2,5 мкг

Қосымша заттектері: желатин, сорбитол, глицерин (тұрақтандырғыш), бояғыштар:титан диоксиді (E171),қызыл түсті темір оксиді (E172), қара түсті темір оксиді (E172), майғындағыш (соя лецитині), қоюландырғыш (сары түсті ара балауызы), күнбағыс майы, полисорбат 80.

1 қатты мөлдір капсуланың тағамдық құндылығы:

Энергетикалық құндылығы - 23,2 кДж \5,5 ккал, белоктар - 0,10 г, көмірсулар - <0,01 г, майлар -0,57 г

1 жұмсақ қоңыр капсуланың тағамдық құндылығы:

Энергетикалық құндылығы - 36,4 кДж \8,7 ккал, белоктар - 0,31 г, көмірсулар - 0,18 г, майлар -0,78 г

Әрекет ету механизмі

Индива® құрамына кіретін Омега–3 май қышқылдары, витаминдер мен минералдар жүктіліктің өтуіне және баланың мүшелері мен жүйелерінің қалыптасуына ерекше маңызды әсер етеді.

Жүкті әйелдердегі Омега–3 май қышқылдарына қажеттілік сол жастағы жүкті емес әйелдермен салыстырғанда 25%-ға жоғары.

ДДСҰ ұсыныстарына сәйкес (1999, 2003) жүкті және қоректендіретін әйелдерге күн сайын кем дегенде 300 мг Омега–3 май қышқылдары қабылдау қажет.

Жүкті және емізетін әйелдің Омега–3 май қышқылдарын тұтынуы, нәрестенің бас миының дұрыс қалыптасуын және нәрестелердің көру қабілеті мен дамуын жақсартады.

Омега–3 май қышқылдары ұрықтың өсуі мен дамуына оң әсер етуден басқа липидтік алмасуды реттейді, тромбтардың қалыптасуының, жүрек-қан тамырлары ауруының асқынуын алдын алады, акушерлік және босанудан кейінгі асқынулардың профилактикасын қамтамасыз етеді.

Осы Омега–3 май қышқылдары мерзімінен бұрын босануға және кеш уыттану (гестоз) дамуының ықтималдығын артырады.

Омега-3 ұдайы қабылдау осы проблемалардан сақтануға мүмкіндік береді.

Индиваның құрамына кіретін витаминдер мен микроэлементтер жүктілік пен лактация кезінде әйелдің организміне негізгі айналым процесстерін дұрыстайды.

Қолдану аясы

Жүктілікті жоспарлаған, жүкті және бала емізетін әйелдер үшін Омега-3, дәрумендер мен минералдардың қосымша көзі ретінде.

Қолданылады

1. Баланың дұрыс өсіп-дамуы үшін

-орталық және перифериялық жүйке жүйесі үшін

- бас миының

- жоғары интеллект пен концентрасиясын дамыту үшін

- көру қабілеті үшін

2. Кеш уыттанудың (гестоздың) пайда болу тәуекелін төмендету үшін

Қарсы көрсетімдері

- Өнімнің құрамдас бөліктеріне жоғары сезімталдық.

Ауыр жарақаттардан немесе хирургиялық операциялардан кейін пайдалану ұсынылмайды.

Қолдану әдісі және ұсынылған тәуліктік доза

Бір ашық және бір қоңыр капсуладан күніне бір рет тамақ ішкен кезде қабылдау керек.

Айрықша нұсқаулар

Тағамдық биологиялық белсенді қоспа.

Дәрілік зат емес.

Ұсыныстамалық дозадан асыруға болмайды.

Ұзақ уақыт бойы басқа поливитаминдік препараттармен бірге тағайындау ұсынылмайды. Құрамында тәттілендіргіш бар.

Шамадан тыс тұтыну кезінде іш өткізгіш әсер етуі мүмкін.

Жанама әсерлері

Аллергиялық реакциялар орын алуы мүмкін.

Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған орында 25°C жоғары емес температура жағдайында сақталады.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі

3 жыл. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Шығарылатын түрі

Поливинилхлоридті қабыршақтан және алюминий жұқалтырынан жасалған блистердегі 5 қатты мөлдір капсула және 5 жұмсақ қоңыр сопақша капсула (PVC3\ALU 41). Картон қаптамасындағы 3 блистер (15 +15 капсуладан) немесе 6 блистер (30 +30 капсуладан) (PAP 21).

Өндіруші

LABIALFARMA – LABORATÓRIO DE PRODUTOS FARMACÊUTICOS E NUTRACÊUTICOS, SA., Португалия

Edifício Labialfarma Nº1 Felgueira 3450-336 Sobral Mortágua – Portugal. <http://www.LiqFillCaps>

Сэлтфар ЛТД, Ұлыбритания үшін өндірілген (Berkeley Square House, office 132, London, United Kingdom, W1J 6BD)

Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның

мекенжайы: Қазақстан Республикасындағы «Сэлтфар ЛТД» өкілдігі, Алматы қ-сы Аль-Фараби 5, Нұрлы Тау 1а, оф 301.
тел\факс: +7 (727) 3111628